

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 309-VI "2019-2023 жылдарға арналған Атырау облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы" шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 76-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 қазанда № 24681 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2 тармағына сәйкес, Атырау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Атырау облыстық мәслихатының "2019-2023 жылдарға арналған Атырау облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы" 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 309-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4388 болып тіркелген) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

А. Наутиев